



Бұл туралы Сотсыз татуласу тұжырымдамасын калыптастыру туралы кеңейтілген мәжіліс отырысында хабарланды.

Мәжіліске облыс әкімі К.Кошербаев, ҚР Жоғарғы сот торағасының кенесшісі Сағатбек Сүлеймен және облыстық мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

«Оздерінізге белгілі, Елбасы Н.Ә.Назарбаев дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастыру, ұсақ-түйек мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен қоғамдағы дауқестік деңгейін томендету, дауларды сотсыз шешу институттарын дамыту, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін «Сотсыз татуласу орталығын» құру жобасы ұсынылып отыр және оны жүзеге асыру үшін пилоттық аймақ ретінде Қызылорда облысы белгіленді», - деді аймақ басшысы.

ҚР Жоғарғы сот торағасының кеңесшісі Сағатбек Сүлейменнің айтуынша, «Сотсыз татуласу орталығын» құру жобасын жүзеге асыру үшін қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық рухани құндылықтарын сақтай білген Қызылорда облысынан бастау жөнінде шешім қабылданған.

«Ел ағалары қолдау көрсетеді деген сеніммен, жана жобаны осында бастауды жөн көрдік. Жоба нәтиже беріп, бір ізге түсетін болса басқа да онірлерге таратпақшымыз. Бұл бастаманың еліміз үшін маңызы зор, өйткені қазіргі таңда болмашы дауды көптеген жылдар бойы шешілмей, қып-қызыл шығыға ұшырайтын жағдайлар жиілеп барады. Дегенмен, жақсы тәжірибеміз де аз емес. Соның бірі «Н.Ілиясов» ауылының ардагер ақсақалдары қолға алған қоғамдық бірлестік қызметін атап айтпақ болады. Қармақшы ауданының «Қомекбаев» ауылында осы бүгінге дейін дау қуған немесе сотталған бір адам болмапты. Мұндай тәжірибені көнінен қолдану қажет», - деп атап өтті Сағатбек Сүлеймен.

Сот саласының ардагері Галия Шыңғысованың айтуынша, 80-90-жылдары облысымызда жылына 500-600 азаматтық іс қаралатын болса, қазір бір жылда қаралған азаматтық істердің саны 30 мыңнан асып кеткен.

Жиынды қорытындылай келе, облыс әкімі Жоғарғы сот бастаған жобаның аймақтың қоғамдық өмірі үшін маңыздылығы зор екенін атап өтіп, әріптестерін соттан тыс дауларды шешудің тиімді жолдарын қарастыруға шақырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі